



ХАБАРЛАМА

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы («Қоғам» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ), заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е-10 көшесі, 17/12 үй, нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е-10 көшесі, 17/12 үй, осы арқылы өз акционерлеріне «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы сырттай нысанда мынадай күн тәртібімен өткізілетіндігі туралы хабарлайды:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.

2. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау туралы.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға бастамашылық етуші «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесі болып табылады (2019 жылғы «16» қазандағы № 10/19 хаттама).

Бюллетендерді беру басталатын күн 2019 жылғы «25» қараша.

Бюллетеньдерді қабылдау аяқталатын күн 2019 жылғы «3» желтоқсан, 18 сағат 30 минутқа дейін (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).

Сырттай дауыс беру нәтижелері есептелетін күн 2019 жылғы «4» желтоқсан, 18 сағат 30 минутқа дейін (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі құрылатын күн және уақыт – 2019 жылғы «18» қазан, 00 сағат 00 минут (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетін күннен 10 күн бұрын мерзімнен кешіктірілмей «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е-10 көшесі, 17/12 үй, 18-қабат, 11-кабинет мекенжайында орналасқан ғимаратында, жұмыс күндері сағат 9-00-дан бастап 18-30-ға дейін (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша) дайын әрі қолжетімді болады. Қоғам акционерінің сауал салуы болған жағдайда, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар осындай акционерге сауал салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілетін болады, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін жасау және оларды жеткізу шығыстарын акционер көтереді. Акционерлердің сұрау салулары Қоғамның нақты мекенжайы бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қабылданады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы «13» мамырдағы № 415-II Заңының 35-41, 43-47, 49-52 баптарына сәйкес жүргізіледі.

Дауыс беру тәртібі

Сырттай дауыс беру үшін [бюллетень](#) жіберу арқылы дауыс беретін акционерлер тегін, атын, әкесінің атын/заңды тұлға атауын, дауыс беретін акциялардың санын көрсетуі және дауыс беру нұсқаларының бірін таңдауы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған [бюллетеньге](#) жеке тұлға - акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) оның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді (жеке куәліктің/төлқұжаттың номері, берілген күні, құжатты берген орган және жеке сәйкестендіру номері (ЖСК)) көрсете отырып, қол қоюы тиіс. Акционер сонымен қатар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынуы тиіс.

Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған [бюллетеньге](#) оның басшысының (заңды тұлға – акционердің өкілі) қол қойыуы тиіс.

Жеке тұлға – акционердің немесе заңды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға - акционер өкілінің немесе заңды тұлға - акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

[Бюллетеньде](#) дауыс беру нұсқаларының тек біреуі ғана белгіленуі тиіс.

Дауыс беруге арналған бюллетеньді 2019 жылғы «3» желтоқсан, 18 сағат 30 минутқа дейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ алуы немесе ол Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е-10 көшесі, 17/12 үй мекенжайы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кеңсесіне қолма-қол берілуі тиіс.

Дауыс беруге арналған [бюллетеньге](#) акционердің өкілі қол қойған жағдайда, сенімхаттың немесе акционер өкілінің уәкілеттіктерін растайтын өзге құжаттың көшірмесі дауыс беретін бюллетеньге қоса беріледі.

Дауыстарды есептеген кезде акционер (акционердің өкілі) [бюллетеньде](#) анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

Егер барлық [бюллетеньдер](#) берілген күнге немесе бюллетеньдерді беру мерзімі аяқталған күнге оған қатысуға және онда дауыс беруге құқықтары бар акционерлердің тізіміне енгізілген, жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызына иелік ететін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқықтары бар акционерлердің тізімін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ құрады.

Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқықтары бар акционерлердің тізімі құрылғаннан кейін бұл тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі қоғамның дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарса, онда бұл жағдайда акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын

растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы «13» мамырдағы № 415-ІІ Заңымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға құқығы бар.

Қолданылатын қазақстандық заңнамаға сай талап етілетін бенефициарлық иеленушілерге қатысты сәйкестендіру ақпаратын және басқа ақпаратты Депозитарий (Citibank N.A.) арқылы «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-на берген жағдайда, Жаһандық Депозитарлық Қолхаттарды ұстаушылардың «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналыстарында бенефициарлық иеленушілер атынан депозиттелген акцияларға қатысты дауыс беруге құқығы бар.

Материалдар бойынша, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бойынша сұрақтарға жауаптарды жұмыс уақытында +7 (7172) 458163 телефоны арқылы немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ атына жазбаша сұрау жолдау жолымен алуға болады.